

АРДАГЕРЛЕРГЕ МЫҢ ТАҒЫМ



Матай ауылдық округінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған «Даңқ мемориалды» ескерткіші ашылды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына аудан әкімі Есім Сейілханұлы, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амантай Айтбайұлы, арнайы шақырылған қонақтар, ауыл ақсақалдары, тұрғындар қатысып, ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Аудан басшысы Есім Сейілханұлы мемориалдың ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

«Ерлік - елге мұра, ұрпаққа - үлгі», - дейді халық даналығы. Бұл ескерткіш ауылдың көркіне көрік қосып, жастарымыздың бойына патриоттық сезім беретін рухани орынға айналатынына сенемін.

Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған Даңқ-мемориалын орнатқан. Осы ескерткіште есімдері жазылған батырлардың ұрпақтарына зор алғысымды білдіремін! - деді құттықтау сөзінде аудан басшысы.

Ескерткіште Матай ауылынан майданға аттанған 219 соғыс ардагерінің есімдері жазылған. Ескерткіш ауыл азаматтары, ардагерлердің ұрпақтары батыр бабаларымыздың ерлігі мен есімін ұмытпау үшін демеушілер есебінен салынды.

Округ әкімі Рүстем Мұсағұлов ауыл тұрғындарына жүрек жарды тілегін жеткізіп, ескерткіштің бой көтеруіне атсалысып, басы - қасында жүрген ақсақалдарға, демеушілік көмек көрсеткен ел ағаларына, ауыл азаматтарына зор алғысын айтып, аудан әкімінің атынан "Алғыс хаттар" табыстап, иықтарына шапан жапты.

Іс-шара аудандық мәдениет үйі қызметкерлерінің концерттік бағдарламасымен аяқталды. Ұлы Отан соғысына қатысып қаза тапқан батырлар рухына құран бағыштап, ас берілді.

Ел басына күн туып, етігімен қан кешкен сол бір сұрапыл жылдарда мыңдаған қазақстандық майданға кеудесін от пен оққа төсеп, отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғады. Қаншама боздақ азаттық үшін жандарын пиде етті. Біздің парызымыз - қаза тапқан бірде - бір сарбазды естен шығармай, арамыздағы Ұлы Отан соғысындағы, еңбек майданы мен соғыс ардагерлеріне көрсеткен ерліктері үшін алғысымызды айтып отыру.

Мағжан ШЫНДӨУЛЕТ.

Қыстың қамын жазда ойла!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2022 - 2023 жылдардың жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2022 жылдың кейінгі бес айында SMS арқылы 150 мыңнан астам бала туу және оның күтімі бойынша төленетін жәрдемақы рәсімделген.

Бұл 2021 жылдағы көрсеткішпен салыстырғанда екі есе көп.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы әлеуметтік салада проактивті қызметтерді белсенді түрде енгізуді жалғастырып келеді. Бұл форматтың арқасында клиенттер ХҚКО-ға бармай-ақ, SMS арқылы бірнеше жәрдемақыны рәсімдей алады.

Әлеуметтік саладағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтердің бірі - бала туу және оның күтімі бойынша төленетін жәрдемақыларды рәсімдеу. Бала өмірге келгеннен кейін оның анасына жәрдемақы бойынша өтініш беру үшін SMS-хабарлама келеді. Бұл хабарламаға оң жауап беріп, жәрдемақы төленетін банктің шот нөмірін көрсету керек. Ары қарай бала туу және бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақылар проактивті түрде рәсімделетін болады. Еске салайық, осы қызметті пайдалану үшін мобильді азаматтар базасында тіркелу керек.

Осылайша, 2022 жылдың кейінгі бес айында бала туу және бала күтімі бойынша 152 298 мың жәрдемақы белсенді түрде рәсімделді, бұл 2021 жылдағы кезеңмен салыстырғанда 2,2 есе көп (66 894 мың).

Айта кетейік, бала туу бойынша жәрдемақы мөлшері балалар санына байланысты. Бірінші, екінші және үшінші баланың тууына байланысты жәрдемақы - 120 840 теңге (2022 жылы 38 АЕК), одан кейінгілеріне - 200 340 теңге (63 АЕК) болады.

Жұмыс істемейтін әйелдер үшін бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы:

Бірінші бала күтімі бойынша - 18 317 теңге (5,76 АЕК);

Екінші бала күтімі бойынша - 21 656 теңге (6,81 АЕК);

Бала күтіміне байланысты төленетін жәрдемақы



Үшінші бала күтімі бойынша - 24 963 теңге (7,85 АЕК);

Төртінші және одан да көп бала күтімі бойынша - 28 302 теңге (8,90 АЕК).

Баланың бір жасқа толғанға дейінгі (босанғаннан кейін) күтімі бойынша ай сайынғы әлеуметтік төлем жұмыс істейтін әйелдерге ғана тағайындалады. Төлем мөлшері әлеуметтік аударымдар жүргізілген табысқа да байланысты болады.

Төлемді есептеу үшін кейінгі 2 жылдағы орташа айлық табысты 0,4-ке көбейтіп, зейнетақы жарналарының 10 пайызын ұстап қалу қажет. Орташа айлық табыс 24-ке бөлінген кейінгі 2 жылдағы барлық ай сайынғы кірістердің сомасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте табысынан айырылған жағдайда баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты төленетін әлеуметтік төлемнің ең жоғары мөлшері ең төменгі жалақының жеті еселенген мөлшерінің қырық пайызынан, ал әлеуметтік төлемнің ең төмен мөлшері - бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты төленетін ай сайынғы мемлекеттік

жәрдемақының мөлшерінен кем болмауға тиіс. Жәрдемақы төмендегідей есептеледі:

1. Егер алушының 2 жыл ішіндегі табысының орташа айлық мөлшері 120 000 теңге болса, онда төлем 48 000 теңге (120 000x 0,4) мөлшерінде тағайындалады. Осы сомадан зейнетақы жарнасының 10 пайызы шегеріледі.

2. Егер табыс мөлшері 7 АЕК-ден (2022 жылға 420 000 теңге) асатын болса, онда төлем ең жоғары 168 000 теңге (120 000x 0,4) деңгейде тағайындалады. Осы сомадан зейнетақы жарнасының 10% шегеріледі.

3. Егер табыс 40 000 теңгені құраған жағдайда, онда төлем 16 000 теңге (40 000x0,4) мөлшерінде тағайындалады. Осы сомадан зейнетақы жарнасының 10% шегеріледі. Осы ретте жәрдемақылар ҚР міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын еске салымыз.

Бұл қызмет 7 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

АҚСУ АУДАНЫҚ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІ.

Келешектің тұтқасы



Жақында ел көлемінде Ақмола облысы, Зеренді ауданында жастар жиналыс съезді өтті және сол съезд кезінде «AMANAT» партиясы жастар қанаты «Жастар рухы» болып өзгерді. партиямыздың қызметін трансформациялау үрдісі жастар қанатында да жалғасты. Жастар қанатының трансформациясы бойынша еліміздің белсенді жастарынан мыңдаған ұсыныс түсті. Сол ұсыныстар негізінде ұйымның жаңғыру бағдарламасының жобасы әзірленді. Елдің миллиондаған жастарын елге, жерге деген сүйіспеншілік, Қазақстанның айқын болашағы жолында адал еңбек ету мақсаты «Жастар рухы» ұйымында біріктіріледі.

Иә, жастар - болашақтың жарқын айнасы іспетті, ұлт үмітін арқалаған ел ертеңі. Үміт пен сенімді ақтау сол буынның парызы. Сол себептен де жастар қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты.

«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалында да жастармен кездесу болып, жаңа атау туралы ойларымен бөлісті.

Соңында жас партия мүшелеріне жаңа үлгідегі партиялық билет табысталды.

Тілек МҰРАТҰЛЫ,
аудандық партия филиалының сектор меңгерушісі.

БАСПАӨЗ - 2022

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

Ұлттың ұлы ұстазы



Ахмет Байтұрсынов 150 жж

Қазақтың қараңғы түнін жарық қылған сан аулы жұлдыздарымыздың бірі – Ахмет Байтұрсынов.

А. Байтұрсынов – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айырықша зор тұлға.

1905 жылы педагогикалық училищені бітірген А. Байтұрсынов Қазақстанның әр түрлі облыстарынан мектептер ашып, ұстаздық қызмет етті, жатпай - тұрмай еңбек етіп, қайткенде қазақ халқының көзін ашуға, санасын оятуға барын салды. Яғни, Ыбырай Алтынсариннің қазақты сауатсыздықтан құтқару үшін қалаған сара жолын әрі қарай жалғады.

Ахмет Байтұрсынов – ХХ ғасырдың басында демократиялық бағыттағы зиялылардың көшін бастаушылардың бірі, сондай – ақ, Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құруда басты рөлді атқарушылардың бірегейі болды десек артық айтқанымыз болмас.

Қазақ халқының маңдайы жарқырап өзге елдермен қатар болуы үшін ең ал-

дымен оқу-ағарту ісін алға қою керек екендігін түсінген. А. Байтұрсыновтың осы оқу-ағарту идеясы - қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі болып табылады. Ол өзінің барлық саналы ғұмырын қазақ қоғамында білім мен ғылымның дамуына, ағартушылық ісіне арнады.

Б. АБЕЕВА,
Қаракөз ауылдық кітапханашысы.

Ел боламын десең - бесіңді тәузе

Жалпы ұрпақ тәрбиесіне асыл дінімізбен қатар дана халқымыз да қашанда бей-жай қарамағаны белгілі. Атам қазақта «Ел боламын десең – бесіңді түзе», - деген қанатты сөз бар. Бұл сөздің мағынасы тереңде жатқаны белгілі. Бала жататын бесіктің көркем, балаға жайлы болуынан, ертеңгі еліміздің келешегі болған перзенттеріміздің тәлім-тәрбиесі жайлы айтылып тұрғаны даусыз. Өуелі сол бесікті тербететін атананың барлық жағынан дұрыс, кемел болуын меңзейді. Яғни, отбасы құратын жастардың әкелі, ертеңгі ұрпағына жақсы тәрбие беруге дайын болуы. Сонымен қоса шамасы келгенше барлық жамандық атаулыдан аулақ болуы керек. Себебі, «Еркек бұзылса - отбасы бұзылады, әйел бұзылса - ел бұзылады», - дейді бабалар даналығында. Сол үшін өзгерісті, кемелдікті өзімізден бастағанымыз дұрыс. Әр перзент шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап оның ең алғашқы ақ отауы «бесік» болып табылады. Сонымен бірге сәби өмірге келгеннен кейін ең алғашқы болып «Азан» айтылып аты қойылады. Перзент Құран аяттарымен бірге бесік жырын естіп өседі. Бесік жырының бала тәрбиесіне де тигізер пайдасы мол. Қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы атамыз: «Мен үш нәрседен қорқамын. Өзінің сәбиіне бесік жырын айта алмаған келіндердің көбеюінен, өзінің немересіне ертегі айта

білуіміз керек. Ислам дінімізде балаға жақсы есім қою, оған тәлімді де парасатты тәрбие беру – ата-ананың міндеті деп белгілеген. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Ей мүміндер! Өздеріңді және үй-штеріңді (жанұяларыңды) тозақ отынан қорғандар!», - деп бұйырған. Бұл аяттың мағынасына қатысты имам Куртубидің тәфсирінде имам Мағмызга ибн Хайам: «Бала шағатыла дінді, хайыр жақсылықтарды және дін этикасын үйрету бізге міндет», - деп түсіндіреді. Әр адамның өмір сүру тәжірибесі өртүрлі. Дегенмен кез - келген отбасы нәресте дүниеге келген күннен бастап, күнделікті уақыт кестесіне өзгеріс енгізгені жөн. Сонда баламен шұғылдануға күн сайын бір-екі сағат уақыт табылатын болады. Хәкім Абай: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, досынан. Өсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады», - деген екен. Баламен үнемі терең әрі тығыз байланыс орнату – тәрбиенің әмбебап шарты. Мұндай байланыс балаға қай жаста болса да керек. Ата-анасымен байланысты білу, сезіну – балаға ата-ана махаббатын, қамқорлығын сезінуге мүмкіндік береді. Бүгінгі жаһандану заманын-

Сыбайлас жемқорлық – екі жүзділіктің белгісі

Сыбайлас жемқорлық - қылмыстық заңмен көрсетілген, субъектісі лауазымды тұлға болып саналатын, өзінің лауазымдық өкілеттігін пайдакүнемдік мақсатта, жеке бас пайдасына жасалатын қоғамның дамуына өте қауіпті әрекет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Сыбайлас жемқорлық бүгінгі күнгі күрделі мәселе болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысында да қатты алаңдататыны анық. Бұл алаңдатып отырған мәселеге біздің мемлекетіміздің тарапынан да іс-шаралар жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру бойынша іс-шара жоспарында 6 міндет қаралған. Олар:

1-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру, яғни құндылықтарды өзгерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, мемлекеттік аппараттың парасаттылығын арттыру, бизнестің парасаттылығына жәрдемдесу.



2-міндет. Сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін болдырмау, яғни бюджет қаражатын тиімсіз жұмсау тәуекелдерін және сатып алуда сыбайлас жемқорлықты азайту, бюджеттік қолдаудың тиімділігін арттыру, мемлекеттің экономикаға үлесін азайту, сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын анықтау және жою құралдарын жетілдіру.

3-міндет. Жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жетілдіру.

4-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда азаматтық қоғамның рөлін күшейту, яғни халықтың пікірін есепке алу, қоғамдық бақылау институтын дамыту, сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау тетіктерін жақсарту.

5-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету.

6-міндет. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру.

Осы бағытта, ҚР АШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспек-

циясында сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында, тұжырымдаманы негізге алып отырады.

Жиындар барысы сыбайлас жемқорлықты болдырмау бағытында жүргізіледі. Аудандағы ветеринария саласындағы қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық туралы кеңейтілген дөңгелек үстел, басқадай іс-шаралар өткізіліп, тиісті шешімдер қабылданады. Мекеміміздің арнайы әлеуметтік парақшасы ашылған, онда ветеринария бағытында атқарылған жұмыстар барысы мен «сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты видеоролик т.б. іс-шаралар жарияланып отырады.

ҚР АШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының тарапынан сапалы, уақытылы мемлекеттік қызмет көрсету біздің негізгі міндетіміз деп білеміз.

Аудан тұрғындарынан қызмет алу, басқадай өтініштер тіркелуіне, оның орындалуына да жете мән берілуде. Сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыттарының бірі - оның алдын алу, яғни оның себептері мен шарттарына ықпал жасау керектігін ескерген жөн.

Әр адам сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік таныта білсе, яғни, қоғам мен мемлекеттің күш-жігері бірігетін күш болатыны сөзсіз.

Ж. РАХИМОВ,
ҚР АШМ ВБЖҚ Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маңыстық мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы.



алмаған әжелердің көбеюінен, салт - дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын», - дегендей қазіргі таңда бесік жырын, ертегі білетін, айтатын әжелеріміз бен аналарымыз азайып бара жатқаны баршаға аян. Бесік жырының орнына перзенттеріміз түрлі деңгейдегі мәнсіз-мағынасыз әуендермен өсіп келеді. Сәби күнінен ананың әлдиімен ақ бесікте тербетіліп, асыл әженің ертегісін тыңдап, бойына рухани құндылықтарды жинап өскен әрбір қазақ топырағының перзенті жаман болмайтыны анық. Әр сәбидің дүниеге келуі отбасындағы шексіз қуаныш қана емес, үлкен аманат екенін

да жас ұрпақты бәсекеге қабілетті, қоғам мүддесіне сай, оның мұң - мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, кісінің алажібін аттамайтын иманды азамат етіп тәрбиелеу маңызды іс. Ұлы ойшыл Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне алат әкеледі» деген өнегелі сөзін жанымыздан шығармасақ игі. Ұлтымыздың туын желбіретер ұлағатты ұрпақтарымыз көп болсын!

АҚСУ АУДАНДЫҚ МЕШІТІ.

Масақты дәнді-дақылдардың ауру қоздырғыштарынан сақ болайық!

Ауыл шаруашылық саласында жоғары өнім алу және оны ұзақ уақыт сақтау үшін өсімдік ауруларының алдын алу аса маңызды болып табылады. Аурулар негізінен өсімдіктердің барлық мүшелерін залалдайды. Аурудың әсерінен тұқымның өңгіштігі, өнімділік коэффициенті, өсімдіктердің қолайсыз жағдайларға төзімділігін төмендетеді. Түсім шығыны көбейіп, өнімнің сапасы нашарлайды. Дәнді дақылдар үшін аса зиянды болып қарақүйе мен тат аурулары болып саналады. Осыған байланысты ауыл дихандары өздеріне тиесілі танаптардың фитосанитарлық тазалығына баса назар аударып, тұқым тазалығына салғырт қарамаған жөн. Инфекция қорын жоюға бағытталған

агротехникалық, ал, қажет болғанда химиялық шараларды (улы химикаттар) іске асырауға тиіс. Қарақүйе ауруы дәнді-дақылдардың масақтарын заалалдайды. Зақымдалған орган отқа күйгендей қара немесе қара қоңыр тартып, күйе сияқты тозаңданып тұрады. Зақымдалған өсімдік органының қап-қара болып тозаңданып тұруы – ондағы ауру қоздырғыш саңырауқұлақ спораларының (хламидоспоралар, те-

лиоспоралар) жиынтығына байланысты. Осы споралары арқылы вегетация кезінде саңырауқұлақ ауырған өсімдіктен сау өсімдікке жұғады. Дәндермен бірге қамбада қыстап шығып, қамбадағы дәндерді залалдайды. Споралар шашылып ауаның ағынымен таралады. Қарақүйе саңырауқұлақтары, әсіресе, дәнді дақылдарға өте көп зиян келтіреді, масақта дән жойылып оның орнына саңырауқұлақтың хламидоспоралары

пайда болады. Ауыл шаруашылық дақылдарын себер алдында міндетті түрде ауруларға қарсы (қарақүйе, тамыр шірік) сапалы дәрілеу, ауыспалы егіс жүйесін сақтау және агротехникалық іс шараларда мерзімді кезеңінде жүргізілуі тиіс. Егістіктерден аурулардың белгілері анықталған жағдайда, аурудың алдын - алу мақсатында "Қазақстан Республикасының территориясында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізіміне" енген фунгицидтермен өңдеу жұмыстарын жүргізуді ұсынамыз. **Ж. ЖАҢЫЛДЫҚОВА,**
ҚР АШМ АӨК МИК «РФДЖБӨ» РММ Ақсу аудандық филиалының фитопатологы.

Маусым айында Жетісу және Алматы облыстарының тұрғындарынан Қорға 3,2 млрд. теңге көлемінде төлемдер түскен. Оның ішінде 1,9 млрд. теңге аударымдар және 1,3 млрд. теңге жарналар. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалының директоры Нұрлан Отарғалиевтың айтуынша, кәсіпкерлердің тарапынан аударымдар мен жарналар төлемдері бойынша жауапкершілігінің артқаны байқалады.

Осы орайда, жеке кәсіпкерлердің МӘМС жүйесіне жасайтын төлемдеріне қатысты жиі қойылатын сауалдарға жауап бердік.

Жеке кәсіпкерлер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға өз пайдасы үшін қанша төлем жасайды?

Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын азаматтар басқа да әлеуметтік аударымдармен қатар міндетті медициналық сақтандыруға белгіленген жарналарды төлейді.

2022 жылы осы санаттағы төлеушілер үшін жарналардың мөлшері ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ын немесе ай сайын 4 200 теңгені құрады. (60 000*1,4) *5% = 4 200 теңге

ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

Жеке кәсіпкер ретінде өзі үшін МӘМС төлемін екінші деңгейдегі банктің кез келген бөлімшесі арқылы, оның ішінде мобильді қосымшалар арқылы, сондай-ақ, "Қазпошта" АҚ, Касса 24 және Qiwi әмиян өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы аударуға болады. Төлем коды (ТК) – 122. Сіз ай сайын да, ұзақ мерзімге де алдын ала төлем жасай аласыз. 2-3 жұмыс күні ішінде қаражаттың қайтарылуын міндетті түрде тексеріңіз.

Егер ЖСН немесе аты-жөні, төлем сомасы дұрыс көрсетілмеген болса немесе 10 ЕТЖ-дан асатын аударым базасы асып кетсе, жарналар қайтарылуы мүмкін.

Жеке кәсіпкерлер ретінде жұмыс берушілер медициналық сақтандыруға қанша төлейді?

Егер жеке кәсіпкердің жалдамалы қызметкерлері болса, онда олар жұмыс беруші ретінде төлемдер бойынша жауапты болады. Аударымдар (жұмыс беруші қаражаты есебінен) – қызметкерлердің жалақысының 3% мөлшерінде, бірақ 18 мың теңгеден аспайды. Жарналар (қызметкердің жалақысынан ұстап қалу) - қызметкерлердің жалақысынан 2% мөлшерінде, бірақ 12 мың теңгеден аспайды. Мысалы: N қызметкерге 2022

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕР МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ ЖАРНАНЫ ҚАЛАЙ ТӨЛЕЙДІ?

8 НЕГІЗГІ СҰРАҚ



Qoldau24/7

Call center 1406

fms.kz

жылғы шілде айына 100 000 теңге сомасында жалақы есептелді. Бұл жағдайда қызметкер аударымдарының сомасы 2 мың теңгені құрайды, жұмыс беруші өз тарапынан 3 мың теңге аударды. Яғни, әр қызметкердің жалақысының мөлшеріне байланысты болады.

Қалай төлем жасауға болады?

Жеке кәсіпкер қызметкерлері үшін МӘМС төлемін банктің кез келген бөлімшесі, оның ішінде мобильді қосымшалар және «Қазпошта» АҚ арқылы аударуға болады. Төлем коды (ТК): 121.

Егер жеке кәсіпкер жеңілдік санатына кіретін болса, МӘМС үшін ақы төлеу қажет пе?

Жеке кәсіпкер өзі немесе оның жалдамалы қызметкерлері келесі санаттарда болған жағдайда жарналар мен аударымдарды төлемейді:

- балалар (18 жасқа дейінгі);
- зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан

соғысының қатысушылары мен мүгедектері;

• «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналар;

• мүгедектер;

• орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алатын адамдар.

Декреттік демалыстағы әйел жеке кәсіпкер болса, МӘМС үшін төлем жасауы керек пе?

Егер әйел жеке кәсіпкер болса, онда ол өзі үшін 4 200 теңге мөлшерінде белгіленген жарнаны төлейді. Бұл санаттағы әйелдер жеңілдік санатына кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын, табысы жоқ кезде кіреді. Егер жеке кәсіпкер жұмыс жасамаса (кірісі болмаса), онда салық органда-

рында кәсіпкерлігін тоқтата тұру үшін тиісті рәсімдерді жүргізу қажет.

Егер жеке кәсіпкер зейнеткер немесе мүгедек болса, ол медициналық сақтандыру үшін жарна төлеуі керек пе?

Жоқ. Мүгедектігі бар адамдар МӘМС жарналарын төлеуден толық босатылған азаматтардың жеңілдік санатына жатады, оның ішінде жеке кәсіпкер ретінде де. Сондай-ақ, Қазақстандағы қордан зейнетақы алушылар да МӘМС жарналарын төлеуден босатылды.

Бір мезгілде жалдамалы қызметкер болып табылатын жеке кәсіпкер медициналық сақтандыруға жарна төлей ме?

Иә. Бұл жағдайда «МӘМС туралы» Заңның 28-бабының 3 және 5-тармақтарына сәйкес төлеуші өзінің жалақысының 2%-ын жалдамалы қызметкер ретінде және ЕТЖ-нің 1,4 еселенген мөлшерінің 5% - ын жеке кәсіпкер ретінде 4 200 теңге төлейді. Жеке кәсіпкер қызметі

тоқтатылған жағдайда, ҚР Салық заңнамасына сәйкес, МӘМС жарналарын кәсіпкер ретінде төлемеуі тиіс.

Жеке кәсіпкерге МӘМС жарналарын төлемегені үшін өсімпұл салына ма?

Иә. Төлем күнін қоса алғанда, мерзімі өткен әрбір күн үшін қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде өсімпұл есептеледі. Өсімпұлды болдырмау үшін жалдамалы қызметкерлері болса, жарналар мен аударымдарды уақтылы төлеу қажет. Есепті кезеңнен кешіктірмей, яғни кірістер төленген айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмеу керек.

Жарналарды және (немесе) медициналық сақтандыру қорына аударымдарды төлеуден жалтарған жағдайда қандай шаралар қолданылады?

Мемлекеттік кіріс органдары (салық комитеті) аударымдар мен жарналардың уақтылы және толық есептелуіне және аударылуына бақылау жүргізеді. Егер жеке кәсіпкер жарналарды және (немесе) аударымдарды төлеуден жалтарса, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жұмыс берушілердің, жеке кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың міндетті медициналық сақтандыруға аударымдарды және (немесе) жарналарды төлемеуі, уақтылы және (немесе) толық төлемеуі – ескерту жасауға әкеп соғады.

Бір жыл ішінде ескерту қайталанған жағдайда айыппұл салынады.

• Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне МӘМС төленбеген, уақтылы және (немесе) толық төленбеген аударымдар және (немесе) жарналар сомасының 20%-ы мөлшерінде

• орта кәсіпкерлік субъектілеріне-30% мөлшерінде

• ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 50% мөлшерінде

МӘМС жарналарын және/немесе аударымдарын төлеу кезінде жеке кәсіпкер нені есте сақтауы қажет?

• Қаражаттың қайтарылмауы үшін алушының ЖСН мен аты-жөнін дұрыс көрсету керек;

• Міндетті түрде медициналық сақтандыруға төлемдердің қабылдануын 2-3 жұмыс күні ішінде тексеру қажет. Егер төлем қайтарылған болса, онда дұрыс ақпаратты көрсете отырып, төлемді қайта жүргізу қажет;

• Есепті кезеңнен кешіктірмей салық органдарына есептілікті дайындау және тапсыру керек;

• Өз жұмыскерлерін МӘМС төлемінің аударылғаны туралы хабардар ету керек.

МӘМС ЖӘНЕ ТМККК МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПАКЕТТЕРІ



және үйдегі стационарда жоспарлы медициналық көмек;

7. туберкулез кезіндегі 1 кезеңді медициналық оңалту;

8. паллиативті медициналық көмек;

9. өлімнен кейінгі донорды дайындау;

10. шетелде ҚР азаматтарын емдеу және шетелдік мамандарды тарту;

11. дәрілік заттармен және медициналық заттармен қамтамасыз ету;

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы қолжетімді медициналық қызмет түрлері:

1. ауруларды алдын алу және ерте анықтау;

2. амбулаториялық жағдайда аурулардың диагностикасы;

3. бейінді мамандардың қабылдауы және консультациясы;

4. қабылдау бөлмесінде және тәулік бойы стационардағы жедел медициналық көмек;

5. тәулік бойғы, күндізгі және үйдегі стационардағы жоспарлы медициналық көмек;

6. медициналық оңалту;

7. патологиялық диагностика;

8. өлімнен кейінгі донорды дайындау;

9. дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету;

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ



Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі:

1. жедел медициналық көмек және медициналық авиация;

2. алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК);

3. АИТВ инфекциясы мен туберкулездің диагностикасы;

4. жарақаттар, уланулар, шұғыл жағдайлар;

5. сақтандырылмаған адамдар үшін қабылдау бөлмесінде және тәулік бойы стационарда жедел медициналық көмек;

6. созылмалы және әлеуметтік маңызды аурулар кезінде тәулік бойы, күндізгі

ТАРИХИ СИРЕК ДЕРЕКТЕРМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕТІН БАЯНДЫ ҚҰСМОЛДИН АТАНЫҢ БҰЛ ТУЫНДЫСЫ ЕРЕН. ЕР ДОСАН ЕСІМІ МАТАЙ-ҚАПТАҒАЙ ШЕЖІРЕ ТАРАЛЫМЫНДА АТАЛМАЙ КЕЛЕДІ. ОЛ БІЛМЕСТІК. МЕНІҢ МАҚСАТЫМ БАЯНДЫ ҚҰСМОЛДИН АТАНЫҒЫ АРТЫНА ЖАЗЫП ҚАЛДЫРҒАН МҰРА ЕҢБЕГІН КӨПШІЛІКПЕН ҚАУЫШТЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ТУЫНДЫ ШЫҒАРМАДА ШЫНАЙЫ ДЕРЕКТІ ӨМІР ОҚИФАСЫ ҚАМТЫЛҒАН/

ЕР ДОСАН

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Жолаушы үлгергенше белден асып, Шақырып ап жүздесті амандасып. Байқаса өзіндей жас, тебен мұртты, Сияқты өз қатарлы замандасты. «Ассалаумағаликум» деп, қол қусырып, Мұсылманша Досанмен амандасты. «Әликум» деп, біз дағы сәлем бердік, Замандас, елі аулақта сені көрдік. «Біз жүрген сауда-саттық жолаушымыз», Жөн айтшы, мынау қай ел, қайда келдік? Жігіт: Сұрасаңыз келгенің қалмақ елі, Аяғыңды басқаның қалмақ жері. Үлкен Чөнтай дейтұғын батыры бар, Хан ұрпағы, өзі ер, өзі сері. Біз жерге келген едік өткен жазда, Басқа салса адамға бейнет аз ба? Осы қалмақ барды да шауып алды, Еліміз отыр еді Зайсан сазда. Мал, жанмен айдап келіп, ұстап отыр, Кім білсін көрер қорлық көп пе, аз ба? Досан: Естіп ем «шауыпты» деп

Сайын елін, Мал, басы жау қолында кеткендерін. Өзің кімсің, туысың, ауылың қайда? Сайын ауылы қай жерде, айтшы ерім? Жігіт: Сайын ауылы жылқысы баққанымыз, Қоспенен көк жайлауда жатқанымыз. Бірге туған ағам бар, қоста жатыр, Қымыз ішіп, дем алып, аттаныңыз. Қалмақтың сақшысы бар, жортып жүрген, Бізбен бірге болаңыз, сақтаныңыз. Жылқышылар қосына келді аяндап, Көлік белін босатып, аз аялдап. Сәлем беріп екеуі үйге кірді. «Әлде кім» деп, үй қожа тұрды аңдып. Бозаң тартқан байсалды, белді жігіт, От жағып, тамақ жағын жатқан қамдап. Жылқышы: Ал, жігіттер төрге шық,

кіргенен соң, Бізге қонақ боларсыз келгеннен соң. Ат-жөніңді айта отыр, жолың болсын, Жөн сұрасу парыз ғой, білмеген соң. Досан: Ағажан, жолаушымыз

жапан кезген, Сұрадыңыз, жөн айту парыз бізден. Туысыңыз, сізде Найман, бізде Найман, Танысып, жөн білістім ініңізден. Жылқышы: Шырағым, дұрыс айттың бізде Найман, Найман көп қой, шүкірлік қанат жайған. Жау қуған соң, амалсыз біздер келдік, Сен мұнда не қып жүрсің, келдің қайдан? Түсініп біліселік, танысалық, Адамға туыстық жол осындайдан. Досан: Ағажан мейлің ұрыс, мейлің саба, Айтқан сөзің ақылға берді сана. Тәңірім берген шығар тілегімді, Болаңыз өзің аға, өзің пана? Жылқышы: Жасым үлкен, жарасар

аға болсақ, Ақыл жетсе, күш жетсе, пана болсақ. Мән-жайыңды түсіндір, шыныңды айт, Ісімің шала болар, ала болсақ. Досан: Ағажан түсінемін сөздің нарқын, Менде білігім кеп отыр болса қақым? Баққаныңыз батырдың жылқысы екен, Сайын батыр сіздерге қанша жақын? Жылқышы: Сайын десе, еліміз кенеледі, Тірі болса, бізді іздеп келер еді. Атамыз бен атамыз бір туысқан, Дәлдеп айтсам, әкеміз немере еді. Сайын атын, ауылын сұрай бердің, Бұл жағдай сонша неге керек еді? Досан: Бір тілекпен келемін Зайсан асып, Тілегімді айтайын бетін ашып. Жолдас атаммен Сайын батыр, Өмірлік дос болыпты, көп сыйласып. Достығымыз болсын деп сүйек шатыс, Құда бопты екеуі серт байласып. Сайынның үлкен қызы Қырғауылды, «Маған» деп айттырыпты құдаласып. Қырғауылды іздеумен шығып едім, Тілегімді берсе Алла, етсе нәсіп. Қаптағай немересі атым Досан, Жол көрсет, ақылыңды айт, аға болсаң?

Қырғауылды қор қылмай жау қолында, Ықылас етсе, еліме ап қашам. Кете алмасам шабысам өлгенімше, Шын Жолдас атамнан ұл боп тусам. Жылқышы: Інім Саржан, өз атым

Өмірсалық, Жауабыңа түсіндім, толық қанып. Анау-мынау іс емес бұл тілегің, Кең толғап, ойымызды қорыталық. Жүріп, тұру жағдайды ойластырып, Ауылға білдірелік ақыл салып. Тынығып өткізелік мына кешті, Таң атқан соң болармыз бұдан есті. Жортып жүрген қалмақтар келер болса? Кім дейміз, келісер жай осы десті. Жұпыны киініңдер біздерге ұқсап, Үстегі мырза киім түгел шешіп. Сен Досан бақыршы бол біздің қоста, Отын жинап, ас пісір, жүрмей босқа. Сенің інің, ол менім балам болсын, «Кімсің» деп кінә қоймас, мұндай жасқа. Ертемен ауыл жаққа мен барайын, Білеің амандығын, елдің жайын. Тосыңдар, асықпаңдар бекер босқа, Жүре бер жылқышы боп қарапайым. Жолығып Мырзабекке ақылдасып, Түсінісіп келейін істің жайын. Жол тауып, Қырғауылға хабарласып, Өзім кіріп шығармын амандасып. Ол сені білер ме екен, көрмеген жан, Сыр айтып, ойнап-күліп жүрмеген жан. Қош көрсе, қуантайын көңіл басып. Өмірсалық бесінде үйге жетті, Жол даңғыл, талай жүрген азды-көпті. Аймалап бала-шаға демін алып, Іздеп кеп Мырзабекке сәлемдесті. Сұрасып елдің жайын, малдың қамын, Естіген, білгенді айтып, көп кеңесті. Мырзабек қапа болып жүруші еді, «Толды» деп ұзатуға қыз мүшелі. Шешесі сыр айтысып ұл, қыздармен, Сыртынан Досан жайын білуші еді. Ертеңінде білдіріп анасына, Өке орнында ақылшы данасына. Барлық істің түйінін езі шешкен, Ешкімнің қақысы жоқ таласуға. Есті ана хабарды естіп, көп толғанды, Ойы толқып, күйзеліп көп ойланды. «Бұл сырды ешбір жанға білдірмендер», Дабыра боп кетер деп қауіптенді. Ата мұра, ананың ақ сүті бар, Білемін, түсінемін ата салтын. Мен емес «бермеймін» деп тартынатын. Қыз кетер, ел-жұртың мұнда қалар, Не болар, ойнаңдаршы, істің артын? «Бұл істің пайдасы аз, залалы көп, Қорқамын, көп қан төгіс бола ма?» деп. «Балалар бақыт түлеп, қанат қағар, Қорқамын, ел күйзеліп қала ма?» деп. «Кеткен қыздың кегі деп, қансыз қалмақ, Жазықсыз ел-жұртыңды шаба ма?» деп. Жаудың беті қайтқан жоқ, сағы сынып, «Шауып алған елім» деп қожасынып. Қызды көріп, қызарған гүлді көріп, Алмақ боп жүрген жоқ па аласұрып. Есті ана көп ойлады істің жайын, Күңіреніп үнлейді уақыт сайын. «Қалдым» деп қалың өрттің ортасында, Басы қатып, құдайлап, не қылайын? Елің жаудың қолында, басың дауда, Ұлы, қызың қалмаққа болды сауда. Қос батыр аруағың қайда кетті? «Наймандан» қос бүйірден тиген жауға. Өмірсалық сен енді малыңа бар, Түсіндір балаларға бәрін хабар. Досанды көл басына жеткізіндер, Танысып жастар езі жолын табар. Тұс ауа Досан келді ел шетіне, Қалың қамыс, қоғалы көп шетіне. Екі атты ап Саржан қайтып кетті, «Ауыл мына тұста» деп көрсетті де. Көл жағалап келеді Досан жалғыз, Қалыпты шөп сарғайып, болып та күз. Өмірді оймен болжап келе жатса, Көл жағалап келеді бір-екі қыз.

Саялап тұра қалды көк қамысты, Иә, бабам, оңғара көр келер істі. Екі қыз бір түбекті айналғанда, Ер Досан «құрбылар» деп сөз қағысты. Екі қыз тұра қалды асып-асып, Ер Досан жақын келді қадам басып. Зер салып екі қызға қарай берді, Ер жолы алдыменен амандасып. Иіліп екі қыз да сәлем берді, Маңғаз мырза екенін көзі көрді. «Иә, мырза, жолың болсын» жөн сұрады, Саялап не ғып жүрсіз мына келді? Жүрісіңіз тым суық, шалғай екен, «Ұры» деуге қимаймыз сіздей ерді. Досан: Құрбылар, шығып едік кешегі айда, Болдырып бес-алты ат Қандысайда. Сұрайын қызды көріп, қыздың атын, Қырғауыл мен Тотықұстың ауылы қайда? Қыздар: Қоңғаны ауылымыздың теңіз еді, Жылқымыз теңіз жайлап, семіз еді. Сұрайсыз қызды көріп, қыздың атын, Қырғауыл мен Тотықұс неңіз еді? Досан: Ер жігіт ел-жұртына сүйенеді, Жат жерде жалтақтайды, күйінеді. Айтайын сұраған соң оның жайын, Қырғауыл, Тотықұспен жиен еді. Қыздар: Ер жігіт көріп тұрмын қырыңызды, Жалтақтап, жасырсыз жүзіңізді. Қырғауыл мен Тотыны біз табалық, Айтқыңыз ел аулақта шыныңызды? Досан: Бабамыз Ер Қаптағай,

батыр Сайын, Аруақ қолдап, оңғарса бір құдайым. Қырғауыл атастырған жарым екен, Несіне енді оны жасырайын. Қырғауыл қадам басты, құшақ жайып, «Досанбысың, кел көні танысайық. Мынау Тоты балдызың қасымдағы, Иә, Алла, жүз көрістік таңғайып». Оңшең жас жылап, сықтап құшақтасып, Аман-саулық сұрасып, мауқын басып. Көк шалғынға жайғаса отырысып, Өмір күйін айтысты сыр сырласып. Досан: Еліңіз көше-көше көлге келген, Ат жетпес, атан жетпес жерге келген. Сұрайын өткен істі жасырмай айт, Ағаңыз бізден кетіп, кімге берген? Қырғауыл: Ағамыз сізден кетіп,

малға берген, Қаңғырған, қатыны өлген шалға берген. Бүгін өлсем, құдайға ризамын, Сіз келіп, көз жасымды мынау көрген. Қалмақтың Чөнтай деген батыры бар, Өзіне тән бір қара қатыны бар. Біздің елге шаптығып, шартық қошқар, Тотымызды алуға заты құмар. Қалмақтың қатыны өлген ағасы бар, Ит терісі бит тескен бағасы бар. Мырзабекті қорқытып «өлітім» деп, Мені алмақ дөмелі бір оғасы бар. Қудалыққа келмекші келесі айда, «Дайындал» деп бұйырған екі тойға. Қалмаққа қатын болып барғанымша, «Ал!» деп жылап жүр едім, бір құдайға. Үшеуі отырғанда сырды ашып, Жеңгесі жетіп келді асып сасып. Қалмақтың шолғыншысы аралап жүр, Аш бөріше ырылдап, қаны қашып. «Ауылға тез жетіңдер» сен екеуің, Күйеуді мен апарам амандасып. Күйеу, жеңге танысып, амандасып, Тілге келді жеңгесі алқын басып. «Қош келіңдер күйеу жан біздің жаққа, Құдайым бақыт берсін, жолыңды ашып». Ал енді біз тұрмалық, ел аулақта, Кім білсін, не боп жатыр ауыл жақта? Киіміңді шештағы мынаны ки, Оқшаулап көрінбе көз бен жатқа. Ер Досан тонды киді белін байлап, Басына тұмақ киді одағайлап. Ауылдың малшы, қосшы адамынша, Жеңгеге еріп, ауылға келді аяндап. Қой қайырған төбеде қойшы бала, Жеңгесі шақырады көре сала. Мына ағамен екеуің қой қайырып, Осы арадан кетпендер жеке дара. Біреулер жөн сұраса «әлде кім» деп, «Қойшымыз» дей одағандар,

тек жай ғана. Жеңгесі соны айтып, үйге кетті, Енесіне көргенің бәрін айтты. Шолғыншы қалмақтар да кеткен екен, Бұл мезгілде қызарып күнде батты. Енесі: Қарағымды ертіп кел осы үйге, Арып-ашып түсті ғой, талай күйге. Мырзабекті шақыршы, келсін үйге, Ол келгенде, қасымда болсын бірге. Аналық ақ батамды ұсынайын, Одан соң аппарарсың өзің үйге. Жеңгесі ертіп келді Ер Досанды, Жолшыбай жөн үйретіп, ақыл салды. Анамыз ақ батасын ұсынбақшы, Сәлем беріп кірерсің, елдің салты. Ер Досан жүрексініп бар жағына, Сасқалақтап қарайды жан-жағына. «Ассалаумағаликум» қол қусырып, Түзе бүкті сыйынып жол ағына. Анасы «қолыңды жай, балам» деді, «Аруағымен жебесін бабаң» деді. «Кешірдім ана сүтін, ата күшін, Бақытты бол, нұр жаусын саған» деді. Оңғарсын үйден жырақ шалғайыңнан, Душпаның баса алмасын маңайыңнан. «Бісімлда» деп қарағым, орныңнан тұр,

Маған келіп, иіскет маңдайыңнан. Қарағым, іздеп кепсің ризамын, Елдің көзі жылауда, қайғы мен мұң. Алдымен ер тілегі орындалсын, Екі қызбен жолға тарт келесі түн. Ал Мырзабек, бұл жайын сенде толға, Алды-артынды ойлап шеш, қапы қалма?

Сыпайы әдеппенен бойын сақтап. Байқағанға Шәкімде өктемдік бар, Қырғауылға қарайды көп жалтақтап. Жүректегі арманын жырға қосып, Шәкім де ән салады, қызды мақтап. Ер Досан Қырғауылға бөтен жандай, Қасына жоламайды тым сырғақтап.

Екі жасқа айтты кеп ақ ниетті. «Еркежан, қонағыңды күте бер» деп, Жеңгесі есік жауып шығып кетті. Қырғауыл жоламады айыбына, Қараңызшы өмірдің ғайыбына. Тотыдан бәрін естіп, білгенен соң, Риза болды ана, жеңге, зайыбына.

Сол қалмақ тағы шапты деген дабыл, Ұрандап Өр-Найманды желдей ескен. Ұрандасқан жігіттер әр рудан, Жиналды одағайлап ой мен қырдан.

Әр қайсысы сөйлейді ойын сақтап,

Жеңге қандай ақылды, қандай епті,

Қазақтың кекті күні кетпес естен.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығы негізінде,

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі қайталау конкурсі өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғаннан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, 2022 жылдың 22 тамыздан 12 қыркүйекке дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2022 жылдың 12 қыркүйек 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2022 жылдың 13 қыркүйек 10 сағат 00 минутта мына мекен - жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері үлестеріне отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және өкесінің аты (егер ол жеке басын күәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын күәландыратын құжат туралы мәліметтер;
3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
4) конкурстық ұсыныс;
5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.
Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
2) шаруашылықтың жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өндіріс мамандығына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.
Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамаз бөлігі болып табылады.
Сонымен қатар, Конкурстық ұсыныстың, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (бас иесінің) қолымен және мөрімен (бар болса) күәландырылады.
Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірілмелер, өшірулер немесе қосым жазулар болмауы тиіс.
Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "2022 жылғы шілденің "19" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.
Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

Table with 7 columns: №, Орналасқан жері, Алаңы, Алаңы, Алпақ құрамы, Топырақтың сапалық сипаттамасы, Балл бонитеті, Су көздерімен қамтамасыз етілуі, Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы.

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННО ПРОИЗВОДСТВА

Аккусский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аккусского района объявляет о проведении повторного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 22 августа по 12 сентября 2022 года, по адресу: (Жетісу облысы, Ақсу ауданы, село Жансүгіров, улица Желтоқсан, 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аккусского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 12 сентября 2022 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией проведено 13 сентября 2022 года в 10 часов 00 минут (Жетісу облысы, Ақсу ауданы, село Жансүгіров, улица Желтоқсан, 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать: для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя; для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя; местоположение земельного участка, на который претендует заявитель; конкурсное предложение; обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

- бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;
обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, исполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.
Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в просмотримыми страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".
Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.
В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.
В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: "19" июля 2022 года" (указывается точная дата).
Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений).

ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.

Table with 6 columns: №, Местоположение, Площадь, Состав угодий, Качественная характеристика почв, Балл бонитет, Водообеспеченность, Сельскохозяйственная специализация региона.

